

№ 9 сәбилер бақшасы КМҚК
№ 3 жоспардан тыс педагогикалық кеңес

2022 ж. 28.01.
қатысқандар: 17
қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Павлодар қаласы № 9 сәбилер бақшасы»
КМҚК өзін-өзі бағалауды өткізу.

Мақсаты: Білім беру қызметтері сапасының тиімді
қызметін өзін-өзі бағалау және талдау
жүргізуіне әділ қорытынды жасау.

Күн тәртібі:

- 1.2017 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі жұмыс кезеңінде балабақша қызметіне толық талдау жүргізу.
- 2.Балабақшаны өзін-өзі бағалау үшін аттестаттау комиссиясын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысы А.К. Кәрімжанова мәлімдеме жасап, балабақша ұжымын кесте бойынша 2022 жылы сәуір айында балабақша аттестациядан өтетінін таныстырды.

2017 жылдан 2022 жылдың наурыз айына дейін балабақша қызметінің барлық бағытында өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу қажет.

Шешім:

2017 жылдан 2022 жылдың наурыз айына дейінгі балабақша қызметінің барлық бағытында өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу.

Екінші мәлімдеме бойынша балабақша басшысы А.К. Кәрімжанова мәлімдеме жасап, балабақша ұжымын өзін-өзі бағалау бұйрығымен, өзін-өзі бағалау комиссия мүшелерімен таныстырды.

1. А.К. Кәрімжанова – комиссия төрайымы
2. Ә.З. Худжанова – әдіскер
3. Ш.Б. Маканова – кәсіподақ төрайымы
4. Ш.Б. Абдығаликова – есепші
5. Г.К. Байгаданова - хатшы

Комиссия мүшелері балабақшаны өзін-өзі бағалауды өткізуде, білім бөлімінің баға беру критериялары мен, әдістемелік нұсқаулықтарға сүйіне отыра есептерді дайындасын.

Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептерді дайындасын: Ә.З. Худжанова оқыту және оқу, МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингі, заттық дамытушы ортаны құру, тәрбиеленушілер мен ұстаздардың жетістіктерінің сапалық құрамы ұйымда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және ЕБК бар балаларды

психологиялық қолдау көрсетуді, ата-аналардың сауалнамасына талдау жасалсын.

И.А. Каримова – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырылуын, балабақшаға қатысу және сырқаттанушылықты талдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

Ш.Б. Абдығаликова – негізгі құралдарды сатып алған, материалдық – техникалық база құжаттарын әзірлесін.

Мектепке дейінгі топтардың тәрбиешілері ата-аналармен сауалнама өткізсін.

2022 ж. 28.01. № 3 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің шешімі:

Білім беру қызметтері сапасының тиімді қызметін өзін-өзі бағалау және талдау жүргізуіне әділ қортынды жасау мақсатында:

1. 2022ж. 28 қаңтардан бастап Павлодар қаласы № 9 сәбилер бақшасында КМҚК өзін-өзі бағалау жұмыстарын өткізу.
2. 2022ж. 28 ақпанында комиссия мүшелері білім беру мекемесіндегі есеп беру жұмыстарын дайындасын.
3. Өзін-өзі бағалау қортындысы бойынша жоспардан тыс № 4 педагогикалық кеңес өткізілсін.

Төрайым

КМҚК № 9 сәбилер бақшасының басшысы

Хатшы:



А.К. Кәрімжанова

Г.К. Байгаданова